Келісілді:
Умники» бөбекжайы
Әдіскер:: Арыстанова..Қ Ғ.

Бекітемін:
«Умники» бөбекжйы
Директор: Смаилов.А. А

Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары.
(№1 педагогикалық кеңес хаттамасында қаралды.26. 08.2022 ж)
«Айгөлек » ересек тобы.

Тәрбиешілер: Калимуллина.Л.Н.
Алагузова.М.О.

## Түсінік хат

2022-2023оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдар, «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешендері, жалпы орта, негізгі орта білім беретін, бастауыш мектептер жанындағы шағын орталықтар,мектепалды сыныптар тәрбиелеу мен оқыту процесін төмендегі **нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырады:**

- ҚазақстанРеспубликасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды **дамыту моделі»**;

-Қазақстан Республикасы Оқу-ағартуминистрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 «Мектепке дейінгі,бастауыш,негізгі орта,жалпы орта, техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білім беру, мамандырылған, арнаулы білім,жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің **Үлгілік қағидалары**;

-Қазақстан Республикасы Оқу-ағартуминистрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті **Стандарты**;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу жоспарларын** бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралыҚазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу бағдарламаларын** бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар 2020ж 24.09 № 412) бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрініңміндетін атқарушының 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығының 2 қосымшасы

-2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы **әдістемелік нұсқау хаты** (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2022 жылғы26 шілдедегі №7 хаттамасы).

**МектепкедейінгітәрбиеменоқытудыңүлгілікоқужоспарыжәнеМектепкедейінгітәрбиеменоқытудыңүлгілікоқубағдарламасынегізінде**
**2022 - 2023 оқужылынаарналғанұйымдастырылғаніс-әрекеттіңперспективалықжоспары**

**Білімберуұйымы:**

**«Айгөлек» Ересек тобы.**

**Балалардың жасы: 4**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы.**

**Қыркүйек айы**

| Айы. | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері | Күтілетін нәтеже |
|---|---|---|---|
| | Дене шынықтыру | Пән мұғалімінің жоспары бойынша. | |
| | Дене шынықтыру** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Жүру. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау;<br>Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру, кіші және үлкен қадаммен жүгіру, сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүгіру. Түрлі тапсырмалармен жүгіру: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшімен ауыса отырып жүгіру. 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру; орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру;<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>велосипед, самокат тебу.<br>Спорттық ойын элементтері:<br>Кегль ойындарына үйрету. Бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтыру.<br>**Спорттық ойын элементтері:**<br>Кегль ойындарына үйрету. Бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтыру.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балалардың доптармен ойындарын жетілдіру, денешынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындар үшін атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтырудың барлық түрлерін жалғастыру.<br>**Мәдени- гигиеналық дағдылар:**<br>бұрын игерген біліктерін бекіту және олардың орындалу сапасын жоғарылату; | дене жаттығуларын орындауға қызығушылық танытады; қимылды ойындардың ережелерін орындайды; |
| | Сөйлеуді дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту.<br>**Сөздік қор.** | Құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа түсе алады, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Байланыстырып сөйлеу;<br>Жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Әңгімеге қатысу және тілді түсіну, тыңдау біліктерін, көлемі шағын тақпақтарды жатқа айту<br>**Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.**<br>Театрландырылған әрекетке.<br>**Шығармаларды қабылдау.**<br>Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру. | олардың өтініштерін орындайды; |
| | Көркем әдебиет | **Оқу, әңгімелеу.**<br>Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру.<br>**Мәнерлеп оқу.**<br>Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға.<br>**Мазмұндау.**<br>Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға,<br>**Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту:**<br>Түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу;<br>**Адамгершілік нормалары туралы түсінік**<br>ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас; | көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай біледі; таныс ертегілердің мазмұнын айтып береді; |
| | Қазақ тілі*** | Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерді оқу бағдарламасындағы айқындалған сөздік минимумды үйрету. Жаңа сөздермен таныстыру арқылы сөздік қорларын молайту**,** есте сақтау қабілеттерін арттыру | Балаларды дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру |
| | Математика негіздері | **Жиын.**<br>Әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру;<br>**Сан, санау.**<br>5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру. Сандарды реті бойынша атауға және қорытынды санды атауға, "Барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету. Бірінің астына бірі 2 қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды үйрету;<br>**Шама.**<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>**Геометриялық пішіндер:**<br>балаларды геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш)<br>**Кеңістікте бағдарлау.** | 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Өзінің дене бөліктерінің орналасуына қарай бағдарлай білуге үйрету.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Таңертең, күндіз тәулік бөліктерін ажырату. | |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Баланың өзі және өзінің жағдайы туралы түсініктерін кеңейту. Өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау.<br>**Заттық әлем.**<br>Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру.Таныс емес заттарды қолдану туралы;<br>**Жолда жүру ережелері.**<br>Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол және жерасты өту)<br>**Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары:**<br>Өлі табиғат нысандары- су, жер, ауа, күннің көзі туралы білімдерін кеңейту<br>**Өсімдіктер әлемі:**<br>Балалардың бөлме өсімдіктері, олардың ерекшеліктері туралы білімдерін байыту. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау,<br>**Жануарлар әлемі:**<br>Үй жануарлары және жабайы аңдар, олардың сыртқы келбеті, қозғалуы, күз мезгіліндегі (сыртқы түрі, тіршілік ету ортасы, мекені, азығы,) қоректену тәсілдері және қысқы дайындығы туралы білімдерін кеңейту. | өзі туған елді мекенін, туған елін атайды; еңбек адамдарына және олардың еңбектерінің нәтижелеріне құрмет көрсетеді; |
| | Сурет салу | **Заттық сурет салу.**<br>Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту.Көкөністер мен жемістерді, ыдыстар, ойыншықтар, жануарларды бейнелеу;<br>**Сюжеттік сурет салу:**<br><br>**Сәндік сурет салу.**<br>Қазақ халқының және басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнер шығармаларымен таныстыру барысында эстетикалық қабылдауын дамыту. | сурет салу техникасын игерген;үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, сурет салады; |
| | Мүсіндеу | **Заттық мүсіндеу.**<br>Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру:Түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу;<br>**Сюжеттік мүсіндеу.**<br>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.<br>**Сәндік мүсіндеу:**<br>Балаларды тұрмыстық заттар мен бейнелі | түрлі пішіндегі және көлемдегі таныс заттарды түрлі тәсілдерді қолданып, мүсіндей алады; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. | |
| | Жапсыру | **Заттық жапсыру:**<br>Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру.<br>**Сюжеттік жапсыру:**<br>Барынша күрделі заттарды, жануарлар пішінін бейнелеу, заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сәндік жапсыру.**<br>Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. | қайшыны дұрыс ұстайды және пайдаланады; |
| | Құрастыру | **Құрылыс материалдарынан құрастыру.**<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру;<br>**Қағаздан құрастыру.**<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп,<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.**<br>Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу.<br>**Конструктор бөлшектерінен құрастыру.**<br>Конструктордан ойынға арналған ғимарат құрастыру дағдыларын қалыптастыру, | құрылыс бөлшектерін атайды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып, пайдаланады; |
| | Музыка | Пән мұғалімінің жоспары бойынша. | |
| | Музыка**** | **Музыка тыңдау:**<br>әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту;<br>**Ән айту:**<br>әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру;<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру;<br>**Билер:**<br>Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету**Ойындар, хороводтар:**<br>Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**фортепиано сүйемелдеуіндегі балалар музыкалық аспаптарында ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау; | әуен немесе музыканың кіріспесі бойынша таныс әндерді таниды; |

**Қазан айы.**

| Айы. | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері | Күтілетін нәтеже |
|---|---|---|---|
| | Дене шынықтыру | Пән мұғалімінің жоспары бойынша. | |
| | Дене шынықтыру** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Секіру. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру), 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін; 4–5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см), 20–25 см биіктікке секіру: бір аяқпен секіру (шамамен 4–5 рет оң және сол аяқпен). Қысқа секіртпемен секіру (демалу үзілістері бар 2–3 реттен 10 секіру);<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед тебу.<br>**Спорттық ойын элементтері:**<br>1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру;<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға ынталандыру<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға ынталандыру<br>**Мәдени- гигиеналық дағдылар:**<br>Гигиеналық шараларды орындау: жуыну, шашын тарау, қолды сабынмен жуу, қол орамалды қолдану. | түрлі тапсырмалар орындап, бір-бірден сапта жүреді;екеуден, үшеуден қатарға қайта тұрады; |
| | Сөйлеуді дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сөздік қор.**<br>заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту;<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану;әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құру;<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>сурет бойынша заттар және ойыншықтар туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыру<br>**Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.**<br>драматизация ойындарына және қуыршақ | сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды қолданады; адамдардың мамандықтарын, олардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді біледі, тұрмыстық заттар және қоршаған табиғат заттарының мәнін |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | спектакльдеріне<br>**Шығармаларды қабылдау.**<br>Кейіпкерлердің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру. | түсінеді; |
| | Көркем әдебиет | **Оқу, әңгімелеу.**<br>Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету;<br>**Мәнерлеп оқу.**<br>өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету.<br>**Мазмұндау.**<br>диалогтік сөйлеуге үйрету.<br>**Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту:**<br>түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстау;<br>**Адамгершілік нормалары туралы түсінік.**<br>адамдардың сезімі мен қарым-қатынасын көрсету; әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру; | әдеби кейіпкерлердің қылықтарын бағалай алады;<br>дауыс күшін өзгертіп, түрлі интонацияда дыбыстайды;<br>сахнаны, аланды бағдарлайды; |
| | Қазақ тілі*** | Балалардың түрлі әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту,сондай-ақ қазақ халқының мәдинетімен таныстыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата білуге үйрету | ересектердің көмегімен шағын тақпақтар мен өлеңдерді жатқа айтуға үйрету |
| | Математика негіздері | **Жиын.**<br>заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету.<br>**Сан, санау.**<br>теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Салыстырылатын топтар: бір көп, бір және екі, екі және үш және төрт, төрт және бес;<br>**Шама.**<br>ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру;<br>**Геометриялық пішіндер:**<br>геометриялық денелерді (куб,шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету;<br>**Кеңістікте бағдарлау.**<br>Дағдыларын қалыптастыру: өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай білу.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату. | теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие; |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету;<br>**Заттық әлем.**<br>Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білу біліктерін жетілдіру.Қоршаған ортадағы | өлі табиғат объектілерін атайды және ажыратады;ауа-райындағы және табиғаттағы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | заттардың қолданысы, құрылысы, материалы арасындағы байланысы туралы;<br>**Жолда жүру ережелері.**<br>Бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары:**<br>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: күзгі, қысқы табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау дағдыларын дамыту;<br>**Өсімдіктер әлемі:**<br>өсімдіктердің өсіп-өнуі үшін қажетті жағдайлар туралы білімдерін қалыптастыру. Адамның табиғатқа деген қамқорлық қатынасының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.Көкөністер мен жемістерді ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру;<br>**Жануарлар әлемі:**<br>Табиғат бұрышындағы тірі объектілерге күтім жасауға арналған құралдар туралы білімдерін қалыптастыру; | маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыстар орната алады; |
| | Сурет салу | **Заттық сурет салу.**<br>Бояулармен, қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.Дөңгелек пішінді заттарды салу;<br>**Сюжеттік сурет салу:**<br>қазақ және басқа халықтардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сәндік сурет салу.**<br>элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, жазықтықта оюларды орналастыру; | көкөністер-жемістердің, ыдыстардың, ойыншықтардың, жануарлардың суреттерін салады; |
| | Мүсіндеу | **Заттық мүсіндеу.**<br>түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін;<br>**Сюжеттік мүсіндеу.**<br>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.<br>**Сәндік мүсіндеу:**<br>Ұлттық ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту, халық шығармашылығының желісі бойынша бейнелер жасау. | адамның пішінін (дене бөліктерін: бас, кеуде, қолдары, аяқтары) мүсіндейді; |
| | Жапсыру | **Заттық жапсыру:**<br>Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету.<br>**Сюжеттік жапсыру:**<br>Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру;<br>**Сәндік жапсыру.**<br>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен | Қысқа және ұзын жолақтарды, дөңгелек пішіндерді қияды; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | таныстыру. | |
| | Құрастыру | **Құрылыс материалдарынан құрастыру.**<br>сызбаны қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыру;<br>**Қағаздан құрастыру.**<br>бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.**<br>Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу.<br>**Конструктор бөлшектерінен құрастыру.**<br>бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы білімдерін жетілдіру. | құрылысты безендіру үшін түрлі түсті бөлшектерді қолданады;биіктігі, ұзындығы, ені бойынша құрылыстарды өзгертеді; |
| | Музыка | Пән мұғалімінің жоспары бойынша. | |
| | Музыка**** | **Музыка тыңдау:**<br>әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау;<br>**Ән айту:**<br>дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету;<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен беру;<br>**Билер:**<br>музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау,<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>хор айтуды шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту;<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** әуеннің сипатын тану: әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, | Олардың мазмұндары туралы айта алады; сөздерді созыңқы және анық айтады; жоғары және төмен қолының қимылымен көрсетіп, әуенін және қайырмасын айтады; |

**Қараша айы.**

| Айы. | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері | Күтілетін нәтеже |
|---|---|---|---|
| | Дене шынықтыру | Пән мұғалімінің жоспары бойынша. | |
| | Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:** Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару:Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты).<br>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату.<br>**Спорттық жаттығулар:**Велосипед тебу.<br>**Қимылды ойындар:**Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі:** Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау,<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру:** Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:**<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын:<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: | өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап жүреді; жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүреді;үш дөңгелекті велосипед тебеді. өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген; |
| | Сөйлеуді дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту,<br>**Сөздік қор.**<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** | дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады; тұрмыстық заттар және қоршаған табиғат заттарының мәнін түсінеді; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, | |
| | Көркем әдебиет | Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. | кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарап, ертегі, әңгіме құрастырады; |
| | Қазақ тілі*** | **Тілдік дамытушы орта:** Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар тану.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту<br>**Сөздік қор:** Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді жіктеп білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беру | айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы біледі;сөздерді жіктеп қолданады;қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап береді: |
| | | | |
| | Математика негіздері | **Жиын.**<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру,<br>**Сан, санау.**<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту,<br>**Шама.**<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>**Геометриялық фигура:**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) атай білуге үйрету,<br>**Кеңістікте бағдарлау.**<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, **Уақытты бағдарлау.**<br>Тәулік бөліктері таңертең; | 5 көлемінде санай алады, кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды; |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау,<br>**Заттық әлем.**<br>Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары:**<br>Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік | бала өзінің «Мен» бейнесін көрсетеді, көлік түрлері мен жол түрлерін атайды;еңбек етуге қызығушылық танытады;өз Отанын – |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Еңбекке баулу:**<br>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру:<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие**: Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге,<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту.<br>**Жолда жүру ережелері:**<br>Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі.<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.**<br>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту.<br>**Өсімдіктер әлемі:**<br>Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы),<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету:** Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру | Қазақстан Республикасын мақтан тұтады;табиғат құбылыстарын атайды және ажыратады;қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін біледі; |
| | Сурет салу | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардыңбір-бірінеарақатынасын беру. | жеке заттарды және сюжеттік композицияларды салады; |
| | Мүсіндеу | Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, | ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндейді; |
| | Жапсыру | Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс | қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. | алады; қысқа және ұзын жолақтарды қияды; |
| | Құрастыру | **Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру**:<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру,<br>**Қағаздан құрастыру:**<br>Қағаздан құрастыруға үйрету:<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:**<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары) | қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарын, олардың қандай материалдан жасалғанын біледі; |
| | Музыка | Пән мұғалімінің жоспары бойынша. | |
| | Музыка**** | **Музыка тыңдау:**<br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау).<br>**Ән айту:**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету,<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру,<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.<br>**Билер:** Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, | музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды, |

**Желтоқсан айы**

| Айы. | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері | Күтілетін нәтеже |
|---|---|---|---|
| | Дене шынықтыру | Пән мұғалімінің жоспары бойынша. | |
| | Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:** Тепе-теңдікті сақтау: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптар дан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру.<br>**Спорттық жаттығулар:** Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату,<br>**Қимылды ойындар:** Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу<br>**Дербес қимыл белсенділігі:** дене шынықтыру құралдарын пайдалануға ынталандыру;<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру:** Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:** Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін қол жуу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:** өз бетінше киіну мен шешінуді дағдылану.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, | тепе-теңдікті сақтап, жүреді; гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, еңбектейді; таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытады; |
| | Сөйлеуді дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.<br>**Сөздік қор.**<br>заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз | естіген дыбыстарды дұрыс айтады; өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын біледі; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қасиеттерін сөйлеуде қолдану.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қою. | |
| | Көркем әдебиет | Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды қолдану. | таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын қайталап айтады; әртүрлі интонацияларды жаңғыртады; |
| | Қазақ тілі*** | **Тілдік дамытушы орта:** оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** сөйлеуде тыныс алу<br>**Сөздік қор:** Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді тәуелдеп білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білу | туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді біледі;сөздерді тәуелдеп қолданады;өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіреді және дәлелдейді; |
| | | | |
| | Математика негіздері | **Жиын.**<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі пішіндегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру,<br>Сан, санау.<br>реттік сан есімдерді атау<br>Шама.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру,<br>Геометриялық фигура:<br>Балаларды геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) таныу.<br>Кеңістікте бағдарлау.<br>берілген бағытта қозғалу (алға-артқа)<br>Уақытты бағдарлау.<br>Тәулік бөліктері таңертең;күндіз. | сандарды ретімен атайды;<br>геометриялық денелерді ажыратады және атайды;<br>берілген бағытта қозғалады; |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Баланың ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу.<br>**Заттық әлем.**<br>Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары:**<br>Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.<br>**Еңбекке баулу:**<br>бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. | ойын ашық айтады, өзінің пікірін білдіреді,ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектеседі;<br>ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрайды;жолда жүру ережелерін біледі;бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілейді; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Адамгершілік және патриоттық тәрбие**: ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға,<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу.<br>**Жолда жүру ережелері:**<br>жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары,<br>**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.**<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну.<br>**Өсімдіктер әлемі:**<br>Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін анықтау<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Төрт түлікке күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету:**<br>Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; | |
| | Сурет салу | Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. | қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына қызығушылық танытады; |
| | Мүсіндеу | жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. | мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді; |
| | Жапсыру | Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. | текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қияды; |
| | Құрастыру | **Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру**:<br>құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау,<br>**Қағаздан құрастыру:**<br>қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтау<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:**<br>тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, | құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды,тұрмыстық заттарын, олардың қандай материалдан жасалғанын біледі; |
| | Музыка | Пән мұғалімінің жоспары бойынша. | |
| | Музыка**** | **Музыка тыңдау:**<br>Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс | әнді мәнерлеп, созып, қимылдармен |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | шығармаларды білу,<br>**Ән айту:**<br>әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>марш сипатын ырғақты жүріспен беру,<br>**Балалардың музыкалық:**Таныс әндерді орындауда балаларға арналған ағаш қасықтарды қолдану.<br>**Билер:** Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету кіріспеден кейін қимылдарды бастау, | үйлестіріп (ре-си бірінші октава шегінде)<br>айтады;марш сипатын ырғақты жүрумен береді, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен береді; |

**Қаңтар айы.**

| **Айы.** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері** | **Күтілетін нәтеже** |
|---|---|---|---|
| | Дене шынықтыру | Пән мұғалімінің жоспары бойынша. | |
| | Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:** Жүгіру: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бірбірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру.<br>**Спорттық жаттығулар:** шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу.<br>**Қимылды ойындар:** Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі:** спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру:** «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну,<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:** ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға,<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:** тісін тазалауды жетілдіру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. | аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап, сапта бір-бірінің артынан, әртүрлі бағытта жүгіреді; қимылды ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік көрсетеді; шанамен сырғанайды және мұзды жолдармен өз бетінше сырғанайды; |
| | Сөйлеуді дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>**Сөздік қор.** Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқыла<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** зат есімдерді жекеше және көпше түрде айту;<br>**Байланыстырып сөйлеу.** қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. | өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын біледі; зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтады; |
| | Көркем әдебиет | үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. | шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды; |
| | Қазақ тілі*** | **Тілдік дамытушы орта:** Ұжымдық әңгімеге | ұжымдық әңгімеге |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** фонематикалық есту<br>**Сөздік қор:** Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді септеп қолдана білуге үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу | қатысады, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлейді;өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтады; |
| | | | |
| | Математика негіздері | **Жиын.** заттарды жұппен қою<br>**Сан, санау.**сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге үйрету;<br>**Шама.**екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдану;<br>**Геометриялық фигура:**Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) атай білуге үйрету,<br>**Кеңістікте бағдарлау.** берілген бағытта қозғалу (оңға-солға),<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Тәулік бөліктері кеш; | геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді ажыратады және атайды; тәулік бөліктерін ажыратады |
